

Қазақстан Республикасы кеден аумағында/аумағынан тыс тауарларды қайта өңдеу жөніндегі операциялар нәтижесінде пайда болатын қайта өңдеу өнімдерінің мерзімдері мен міндетті түсім санын белгілеуге арналған өтініштерді қарау Ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің 2000 жылғы 6 қарашадағы N 370 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2000 жылғы 4 желтоқсан N 1318 тіркелді. Қолданылуы тоқтатылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 9 ақпандағы N 124 қаулысымен.

"Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 20 шілдедегі Заңына, "Кейбір кедендік режимдерге орналастыруға жататын не жекелеген кедендік режимдерге орналастыруға тыйым салынған тауарлар тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 8 сәуірдегі N 538 қаулысына сәйкес Бұйырамын:

1. Мыналар бекітілсін:

1) Қазақстан Республикасының кеден аумағында/аумағынан тыс тауарларды қайта өңдеу жөніндегі операциялар нәтижесінде пайда болатын қайта өңдеу өнімдерінің мерзімдері мен міндетті түсім санын белгілеуге арналған өтініштерді қарау Ережелері (бұдан әрі - Ереже) (1-қосымша).

2) Қазақстан Республикасының кеден аумағында/аумағынан тыс тауарларды қайта өңдеу жөніндегі операциялар нәтижесінде пайда болатын қайта өңдеу өнімдерінің мерзімдері мен міндетті түсім санын белгілеуге арналған өтініш нысаны (бұдан әрі - Өтініш) (2-қосымша).

2. Мұнай және газ, ауыр өнеркәсіп, өңдеуші өнеркәсіп және импортты алмастыру департаменттеріне:

1) Қазақстан Республикасының кеден аумағында/аумағынан тыс тауарларды қайта өңдеу жөніндегі операциялар нәтижесінде пайда болатын қайта өңдеу өнімдерінің мерзімдері мен міндетті түсім санын белгілеуге арналған құжаттарды қарау;

2) Сауда департаментіне ай сайын Өтінішке орай (Ереженің 1-9-тармақтары) мәліметтерді көрсете отырып, шешімдердің шығыс нөмірін, орындаушының тегін және телефонын көрсетумен берілген шешімдер туралы ақпаратты беріп отыру жүктелсін.

3. Сауда департаменті:

1) осы бұйрықтың белгіленген тәртіппен Әділет министрлігінде мемлекеттік

тіркеуден өтуін қамтамасыз етсін;

2) Қазақстан Республикасының кеден аумағында/аумағынан тыс тауарларды қайта өңдеу жөніндегі операциялар нәтижесінде пайда болатын қайта өңдеу өнімдерінің мерзімдері мен міндетті түсім санын белгілеу туралы берілген шешімдердің тізілімдерін жүргізсін;

3) Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитетіне ай сайын Өтінішке орай (Ереженің 1-9-тармақтары) мәліметтерді, шешімдердің шығыс нөмірін, орындаушының тегін және телефонын көрсетумен берілген шешімдер туралы ақпаратты беріп отырсын;

4) Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитетіне қайта өңдеу өнімдерінің мерзімдері мен міндетті түсім санын белгілеу туралы шешімдерге қол қоюға құқығы бар уәкілетті тұлғалардың қолының үлгілерін берсін.

4. Осы бұйрықты бақылау Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда вице-министрі Қ.А. Бозымбаевқа жүктелсін.

5. Осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап күшіне енеді.

М и н и с т р д і ң

міндетін атқарушы

Қазақстан Республикасы
Мемлекеттік кіріс
министрлігінің Кеден
комитетімен келісілді
11. 10. 2000 ж.

Қазақстан Республикасы
Энергетика, индустрия
және сауда министрлігінің
2000 жылғы 6 қарашадағы
N 370 бұйрығына

1-қосымша

Қазақстан Республикасының кеден аумағында/аумағынан тыс тауарларды қайта өңдеу жөніндегі операциялар нәтижесінде пайда болатын қайта өңдеу өнімдерінің мерзімдері мен міндетті түсім санын белгілеуге арналған өтініштерді қарау ережесі

1. Осы Ереже "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 20 шілдедегі Заңына, "Кейбір кедендік режимдерге орналастыруға жататын немесе жекелеген кедендік режимдерге орналастыруға тыйым салынған тауарлар тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 8 сәуірдегі N 538 қаулысына сәйкес әзірленді.

2. Кейбір кедендік режимдерге орналастыруға жататын немесе жекелеген кедендік режимдерге орналастыруға тыйым салынған тауарларды қайта өңдеу жөніндегі операциялар нәтижесінде пайда болатын қайта өңдеу өнімдерінің

мерзімдері мен міндетті түсім санын (бұдан әрі - тауарларды) "Кейбір кедендік режимдерге орналастыруға жататын немесе жекелеген кедендік режимдерге орналастыруға тыйым салынған тауарлар тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 8 сәуірдегі N 538 қаулысымен бекітілген тізбеге сәйкес Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі белгілейді.

3. Кеден аумағында/аумағынан тыс тауарларды қайта өңдеуге тауарларды әкелуді немесе әкетуді жүзеге асыратын тұлға (бұдан әрі - өтініш беруші) Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігіне мынадай құжаттарды ұсынуға міндетті:

1) белгіленген нысан бойынша жазбаша өтініш;
2) мемлекеттік тіркеу туралы куәлік:
заңды тұлғалар үшін - мемлекеттік тіркеу туралы куәлік;
жеке тұлғалар үшін - жеке кәсіпкер ретіндегі (патент) мемлекеттік тіркеу туралы куәлік;

3) тауарлардың тек қайта өңдеу мақсаттары және міндетті қайтарылу шартымен салыстыру үшін түпнұсқасы әкелілетіндігін (әкелінетіндігін) куәлендіретін қайта өңдеуге арналған шарттың (келісім-шарттың) көшірмесі;

4) отандық тұлғалардың көрсеткіштерімен салыстырғандағы алынатын өндіріс көлемі, тауардың саны және түсім нормасы көрсетілуімен қайта өңдеу режимінің техникалық-экономикалық негіздемесі;

5) "Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 17 сәуірдегі N 2200 Заңына сәйкес міндетті лицензиялауға жататын, Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес лицензияланатын қызмет түрлерімен айналысу құқығына арналған лицензия.

"2" және "5" - тармақшаларда көрсетілген құжаттар өтініш берушінің бірінші басшысының қолымен және мөрімен расталған ксерокстық көшірмелерде беріледі.

4. Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің Салалық департаменттері тауарларды қайта өңдеу жөніндегі операциялар нәтижесінде пайда болатын қайта өңдеу өнімдерінің мерзімдері мен міндетті түсім санын белгілеу кезінде:

1) осы Ереженің 3-тармағында ұсынылған құжаттарды зерттейді;
2) қайта өңдеу өнімдерінің түсім нормасын белгілейді;
3) тауарлардың дәл түсімін алу мүмкін болмаған кезде аралықтағы түсім нормасын белгілейді;

4) түсім нормасына сәйкес қайта өңдеу өнімдерінің саны есебінің дұрыстығын белгілейді;

5) қайта өңдеуге арналған технологиялық қажетті мерзімдер негізінде қайта

өңдеудің мерзімдерін анықтайды.

5. Қазақстан Республикасының кеден аумағында/аумағынан тыс тауарларды қайта өңдеу жөніндегі операциялар нәтижесінде пайда болатын қайта өңдеу өнімдерінің мерзімдері мен міндетті түсім санын белгілеу туралы шешім тиісінше үлгіде ресімделген барлық құжаттар ұсынылған жағдайда Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің бланкісінде х а т түрінде ресімделеді.

6. Құжаттарды қарау мерзімі өтінішпен бірге құжаттардың толық жинағы алынған күннен бастап 10 күнтізбелік күнді құрайды.

Қазақстан Республикасы
Мемлекеттік кіріс
министрлігінің Кеден
комитетімен келісілді
11.10.2000 ж.

Қазақстан Республикасы
Энергетика, индустрия
және сауда министрлігінің
6 қараша 2000 ж.
N 370 бұйрығына

2-қосымша

**Қазақстан Республикасының кеден
аумағында/аумағынан тыс тауарларды қайта өңдеу
жөніндегі операциялар нәтижесінде пайда болатын қайта
өңдеу өнімдерінің мерзімдері мен міндетті түсім санын
белгілеуге арналған**

ӨТІНІШ

1. Өтініш беруші - ұйым, оның мекен-жайы, телефоны
 2. Тауардың атауы
 3. Тауардың коды, оның сипаттамасы
 4. Тауардың саны
 5. Қайта өңдеу өнімдерінің атауы
 6. Қайта өңдеу өнімдерінің коды, олардың сипаттамасы
 7. Қайта өңдеу өнімдерінің саны
 8. Қайта өңдеу өнімдерінің түсім нормасы
 9. Кері әкелудің (әкетудің) мерзімдері
 10. Өтініш берушінің қолы (басшы, бас бухгалтер)
- Мөрі Күні